



«Қазақстанның түсті және қара металл сынықтарын дайындаушылар мен қайта өңдеушілерінің өзін-өзі реттейтін ұйымы» қауымдастық нысанындағы заңды тұлғалар бірлестігінің 2021 жылдың «25» наурыздағы кезектен тыс жалпы жаңалысының шешімімен
«БЕКІТІЛДІ»

**«Қазақстанның түсті және қара металл сынықтарын дайындаушылар мен қайта өңдеушілерінің өзін-өзі реттейтін ұйымы» қауымдастық нысанындағы заңды тұлғалар бірлестігінің
Ж А Р Ғ Ы С Ы**

1 бөлім. Жалпы ережелер

1-бап. Ұйымдық-құқықтық нысаны және құқықтық мәртебесі

1. Бұдан әрі «Қауымдастық» деп аталатын «Қазақстанның түсті және қара металл сынықтарын дайындаушылар мен қайта өңдеушілерінің өзін-өзі реттейтін ұйымы» қауымдастық нысанындағы заңды тұлғалар бірлестігінің Азаматтық, Кәсіпкерлік кодекстерге, Қазақстан Республикасының «Коммерциялық емес ұйымдар туралы», «Өзін-өзі реттеу туралы» заңдарына сәйкес құрылды және өзін-өзі реттейтін коммерциялық емес ұйым, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің, қауымдастық нысанындағы заңды тұлғалардың бірлестігі болып табылады.

2. Қауымдастық Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында өз қызметін жүзеге асырады, заңды тұлға құру құқығынсыз өз филиалдары мен өкілдіктерін құрады, сондай-ақ халықаралық одақтардың (қауымдастықтардың) қатысушысы бола алады.

3. Қауымдастықтың мүшелері/қатысушылары құрылтай шартына ерікті бастамада қолын қойған оның құрылтайшылары және Қауымдастыққа мүшелікке жанадан қабылданатын заңды тұлғалар және жеке кәсіпкерлер болып табылады.

4. Қауымдастық Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес меншігінде оқшауланған мүлкіне иелік ететін заңды тұлға болып табылады, дербес балансы, банктік, сонын ішінде валюталық шоттары, мөрі мөрбаңдары, бланкілері және онын қызметін жүзеге асыру үшін қажетті өзге деректемелері бар.

Қауымдастық өз атынан шарттар жасаса алады, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иемдене, міндеттерді көтере алады, сотта жауапкер және үшінші тұлға бола алады.

5. Қауымдастық өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі мүлікпен жауап береді. Қауымдастық өз мүшелерінің (қатысушыларының) міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қауымдастықтың мүшелері (қатысушылары) онын міндеттемелері бойынша кіру және жыл сайынғы жарналарының мөлшерінде және шектерінде ортақ жауапкершілікті көтереді.

6. Қауымдастық өз мүшелеріне қатысты жоғары тұрған орган болып табылмайды, Қауымдастықтың қатысушылары өзінің дербестілігін және заңды тұлға, дара кәсіпкер құқықтарын сақтап қалады.

7. Қауымдастық Қазақстан Республикасын заңнамасында белгіленген тәртіппен өзінің нышанына (рәмізіне) иелік ете алады, мамандандырылған органдар (комиссиялар) құра алады, төрелік құрай алады, бұқаралық ақпарат құралдарын құра алады және баспагерлік қызметті жүзеге асыра алады.

8. Қауымдастық өз қаражаттарын қайырымдылық мақсаттарына пайдалануға құқылы.

9. Қауымдастықтың басқару органдары Қазақстан Республикасын қолданыстағы заңнамасымен және осы Жарғымен берілген өкілеттіктердің шектерінде әрекет етеді.

10. Қауымдастықтың қызмет мерзімі шектелмейді.

11. Жарғымен регламенттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

2-бап. Қауымдастықтың атауы

Қауымдастықтың мемлекеттік тілде толық атауы: «Қазақстанның түсті және қара металл сынықтарын дайындаушылар мен қайта өңдеушілерінің өзін-өзі реттейтін ұйымы» қауымдастық нысанындағы заңды тұлғалар бірлестігі

Қауымдастықтың мемлекеттік тілде қысқа атауы: «МДКӨРҰ» ЗТБ

Қауымдастықтың ресми тілде толық атауы: **Объединение юридических лиц в форме ассоциации «Саморегулируемая организация изготовителей и переработчиков лома цветных и черных металлов Казахстана»**

Қауымдастықтың ресми тілде қысқа атауы: ОЮЛ «СРОЗИМ»

3-бап. Қауымдастықтың орналасқан жері:

1. Қауымдастықтың орналасқан жері деп оның тұрақты жұмыс істейтін атқарушы басқару органы — Қауымдастық Басқармасының орналасқан жері танылады.

2. Қауымдастық Басқармасының орналасқан жері: **А35С2В7, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, Іле трактаты, 35.**

II бөлім. Одақ қызметінің мәні, мақсаты және түрлері

4-бап. Қызметінің мәні мақсаты және түрлері

1. Қауымдастық қызметінің мәні:

1) қайталама металлургия саласындағы қағидаларды, стандарттарды және біліктілік талаптарын әзірлеу және бекіту, олардың сақталуын бақылау механизмін анықтау;

2) заңды тұлғалардың, жеке кәсіпкерлердің түсті және қара металл сынықтарын және қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және сату саласындағы біліктілік талаптарын сақтауын бақылау;

3) нарық қатысушыларының, сонын ішінде Қазақстан Республикасындағы ірі металлургиялық комбинаттармен салалық кооперацияны дамыту;

4) Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік және басқару органдарында Қауымдастық мүшелерінің құқықтарын қорғау және заңды мүдделеріне өкілдік ету;

5) кәсіпорындардың - Қауымдастық мүшелерінің құқықтарын және мүдделерін қорғау;

6) қаржыландыру, баға белгілеу, салық салу жүйесін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды жинау мен жинақтау және оларды мемлекеттік билік және басқару органдарында іске асыру;

7) заңнаманы жетілдіру процесіне қатысу, түсті және қара металл сынықтарын және қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және сату саласындағы құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысу;

8) қайталама металлургия саласының өндірістік әлеуетін іске асыруға және Қауымдастық мүшелерінің әлеуметтік базасын дамытуға қолғабыс көрсету;

9) түсті және қара металл сынықтарын жинау сапасын көтеру, қайта өңдеу тереңдігін ұлғайту, инновациялық технологияларға көшу мақсатында жана технологияларды, машиналарды, механизмдерді өндіру кемінде жалпы ғылыми-техникалық міндеттерді шешу үшін Қауымдастық мүшелерін қаражаттары мен күшін жұмылдыру;

10) Қауымдастық мүшелерін заңды қорғауды және құқықтық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

11) алыс және жақын шет елдердің Қауымдастықтарымен (одақтарымен) және кәсіпорындарымен Қауымдастық мүшелерін интеграцияланған байланыстарын дамытуға қолғабыс көрсету;

12) Қауымдастық мүшелерінің мүддесі үшін жетістіктерді бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау, ақпараттық, маркетингтік, жарнамалық жұмыстарды және баспагерлік қызметті ұйымдастыру болып табылады.

2. Қауымдастықтың мақсаттары:

1) түсті және қара металл сынықтарын және қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және сату жөніндегі қызметтің бәсекеге қабілеттілігін көтеру;

- 2) отандық кәсіпорындардың — Қауымдастық мүшелерінің бәсекеге қабілеттілігін көтеру;
- 3) қайталама металлургия нарығына отандық қатысушылардың дайын өнімге белгіленген талаптар үшін тұтынушылар алдындағы жауапкершілігін күшейту;
- 4) Парламентте, Үкіметте, Министрліктер мен ведомстволарда, жергілікті билік және басқару органдарында кәсіпорындардың — Қауымдастық мүшелерінің құқықтарын қорғау және заңды мүдделеріне өкілдік ету;
- 5) Еуразиялық экономикалық және кеден Одақтарының шеңберінде кәсіпорындардың — Қауымдастық мүшелерінің құқықтарын, заңды мүдделерін қорғау;
- 6) кәсіптік одақтармен енбекті қорғау және енбек жағдайлары, жалақыны жетілдіру, ішкі еңбек нарығын қорғау, қосымша жұмыс орындарын құру мәселелерінде және басқа бағыттар бойынша ынтымақтастық жасау;
- 7) басқа одақтармен, Қауымдастықтармен, қоғамдық бірлестіктермен, халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық жасау;
- 8) түсті және қара металл сынықтарын және қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және сату саласында шағын және орта бизнесті дамуына қолғабыс көрсету болып табылады.

3. Қауымдастық қызметтің келесі түрлерін жүзеге асырады:

- 1) қолданыстағы заңнамаға талдау жүргізеді, экономика саласында талдаумен айналысады;
- 2) салалық бағдарламаларды әзірлеу және жетілдіру арқылы бизнесті дамыту стратегиясын қалыптастырады;
- 3) әкімшілік кедергілерді төмендету және рұқсат рәсімдерін оңайлату бойынша жұмыс жүргізеді;
- 4) кәсіпкерлер үшін заңдық консультацияларды және кәсіпорындардың — Қауымдастық мүшелерін қызметін құқықтық сүйемелдеуді ұйымдастырады;
- 5) қаржылық, бухгалтерлік, салықтық және өзге мәселелер бойынша консультативтік көмекті ұйымдастырады;
- 6) кәсіпорындарды — Қауымдастық мүшелерін ақпараттық қамсыздандыруды ұйымдастырады;
- 7) кәсіпорындардың — Қауымдастық мүшелерінің шетелдегі бизнесін ілгерілету жөніндегі жұмысты жүргізеді;
- 8) бизнесті дамытуға, өнімдерді жаңартуға жаңғыртуға және шығару тиімділігін көтеруге көмек көрсетеді;
- 9) бизнес бойынша әріптестерді іздеуге қолғабыс көрсетеді;
- 10) түсті және қара металл сынықтарын және қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және сату саласында маркетингтік зерттеулер жүргізеді;
- 11) семинарлар, конференциялар және кермелер ұйымдастырады және өткізеді;
- 12) Қауымдастық мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған заңды қызметтің өзге түрлерімен айналысады;
- 13) заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер үшін аккредиттеу рәсімін өткізіп, олардың қолдағыстағы заңнама талаптары мен өзін-өзі реттейтін ұйымның құрылтай құжаттарының талаптарына сәйкестігін тексереді. Аккредиттеу тәртібі туралы ережені Қауымдастық мүшелерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысы бекітеді.

4. Қауымдастық кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқылы, одан түскен табыстар Қауымдастықтың жарғысымен көзделген мақсаттарға жұмсалады.

5. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес лицензиялауға жататын қызметтің барлық түрлерін Қауымдастық белгіленген тәртіппен алынған лицензиясы болған кезде ғана жүзеге асыруға құқылы.

III бөлім. Қауымдастыққа мүшелікке қабылдау шарттары мен тәртібі және мүшелікті тоқтату

5-бап. Қауымдастыққа мүшелік

1. Қауымдастық мүшелері қызметі Қауымдастықтың жарғылық мақсаттарына және Қазақстан Республикасын қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер бола алады.

2. Қауымдастыққа мүшелік ерікті болып табылады.

3. Қауымдастық мүшелері экономикалық және заңдық дербестілігін сақтап қалады.

6-бап. Қауымдастыққа мүшелікке қабылдау шарттары мен тәртібі

1. Қауымдастықты құру кезінде оның мүшелері/катысушылары Құрылтай шартына қолдарын қойған барлық заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер болып табылады.

2. Жаңа заңды тұлғаларды, жеке кәсіпкерлерді Қауымдастыққа мүшелікке қабылдау туралы шешімді олардың өтініштерінің негізінде Қауымдастықтың Байқаушы кеңесі (ол болмаған жағдайда — Жалпы жиналыс) қабылдайды. Қауымдастыққа мүшелікке қабылдау туралы шешімді дауыс беруші Байқаушы кеңес мүшелерінің (Қауымдастық мүшелерінің) дауыстарының жай көпшілігімен қабылданады. Заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер өздері қабылданған күннен бастап Қауымдастық мүшесінің құқықтарын иемденеді.

3. Байқаушы кеңестің Қауымдастыққа мүшелікке қабылдаудан бас тарту туралы шешіміне Қауымдастықтың Жалпы жиналысына шағым жасалуы мүмкін.

4. Қауымдастыққа мүшелікті растайтын құжат Бірыңғай үлгідегі куәлік және Қауымдастыққа мүшелікке қабылдау туралы мөрмен куәландырылған Байқаушы кеңестің қаулысы (Жалпы жиналыстың шешімі) болып табылады.

7-бап. Қауымдастыққа мүшелікті тоқтатудың шарттары мен тәртібі

1. Қауымдастыққа мүшелік қаржылық жыл аяқталғаннан кейін заңды тұлғаның, дара кәсіпкердің өз бастамасы бойынша Қауымдастықтың Байқаушы кеңестің (Жалпы жиналысының) атына берілген жазбаша өтінішінің негізінде тоқтатылуы мүмкін.

2. Осы Жарғының талаптарын өрескел және жүйелі түрде бұзу, құрылтай құжаттарымен көзделген міндеттемелерді елемеу, соңын ішінде жараларды төлемеу үшін Қауымдастық мүшесі Байқаушы кеңес (Одақ мүшелері) дауыстарының жай көпшілігімен қабылданған Байқаушы кеңестің (Жалпы жиналыстың) шешімімен Қауымдастықтан шығарылуы мүмкін.

3. Байқаушы кеңестің Қауымдастықтан шығару туралы шешімімен Қауымдастықтың Жалпы жиналысына шағым жасалуы мүмкін.

4. Қауымдастықтан шығып кеткен немесе шығарылған заңды тұлға, дара кәсіпкер Қауымдастыққа берілген мүлікті және төленген жарналарды қайтарып алуға құқығы жоқ.

8-бап. Қауымдастық мүшелерінің құқықтары

Қауымдастық мүшелерінің:

1) Қауымдастықтың басқару органдарының құрамына сайлау үшін кандидатуралар ұсынуға, оның істерін басқаруға катысуға;

2) Қауымдастықтың басқару органдарының жұмысы туралы ақпарат алуға;

3) Қауымдастықтың жұмысына катысуға, Қауымдастық қызметінің негізгі бағыттарын қоса алғанда кез келген мәселелерді талқылауға, оның жұмысын жақсарту жөніндегі ұсыныстарды енгізуге;

4) Қауымдастық ұйымдастыратын және өткізетін барлық іс-шараларға катысуға;

5) құқықтық және әлеуметтік қорғау және көмек алу үшін Қауымдастықтың тиісті басқару органдарына жүгінуге;

6) осы Жарғының шеңберінде Қауымдастық беретін қызметтерді өтеусіз немесе жеңілдік жағдайларымен пайдалануға;

7) қағидаларды, стандарттарды, біліктілік талаптарын және олардың орындалуын бақылау механизмін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуге;

8) кез келген қақтығысты жағдайлар және жосықсыз бәсекелестікпен байланысты фактілер бойынша жүгінуге, тиісті жауаптар алуға құқығы бар.

9-бап. Қауымдастық мүшелерінің міндеттері

Қауымдастық мүшелері:

- 1) Жарғыны сақтауға, Қауымдастықтың қағидаларымен стандарттарын орындауға;
- 2) Қауымдастық мақсаттарына қол жеткізуге, оның басқару органдарының шешімдерін іске асыруға белсенді қатысуға;
- 3) Қауымдастықтың басқару органдарының шешімдерін, егер олар қолданыстағы заңнамаға және Жарғының шарттарына сәйкес келетін болса орындауға;
- 4) Жарғымен белгіленген және/немесе Қауымдастықтың Жалпы жиналысы белгіленген мерзімде және мөлшерде кіру және жыл сайынғы жарналарды енгізуге;
- 5) Қауымдастықтың басқару органдарын біліктілік талаптарының орындалмау фактілері, жосықсыз бәсекелестік фактілері туралы және Жарғыны бұзудың басқа жағдайлары туралы хабардар етуге міндетті.

10-бап. Қауымдастықтың құқықтары және міндеттері

1. Қауымдастық «Өзін-өзі реттеу туралы» Заңмен және Қазақстан Республикасын өзге құқықтық актілерімен көзделген құқықтарды иеленеді және міндеттерді көтереді.

IV бөлім. Қауымдастықтың басқару органдарының құрылымы, қалыптастыру тәртібі, құзыреті және өкілеттіктер мерзімі

11-бап. Қауымдастықтың басқару органдары

1. Қауымдастықты басқарудың жоғары органы Қауымдастық мүшелерінің (қатысушыларының) Жалпы жиналысы (Жалпы жиналыс) болып табылады.
2. Қауымдастықтың алқалы басқару органы — Байқаушы кеңес.
Жалпы жиналыс Байқаушы кеңесті құрмай басқарудың Алқалы органының функцияларын орындауға құқылы. Жалпы жиналыстың Алқалы басқару органының функцияларын жүзеге асыруы туралы және Байқаушы кеңесті қалыптастыру туралы шешімді Жалпы жиналыс шығарады.
3. Қауымдастықтың атқарушы басқару органы Қауымдастық Басқармасы (Басқарма) болып табылады.
4. Қауымдастықтың бақылау органы Қауымдастықтың Тексеру комиссиясы (Тексеру комиссиясы) болып табылады.
5. Қауымдастықтың жұмысшы органы Қауымдастықтың Аппараты болып табылады.

12-бап. Қауымдастық мүшелерінің (қатысушыларының) Жалпы жиналысы

1. Қауымдастық мүшелерінің (қатысушыларының) Жалпы жиналысы Қауымдастық қызметін барлық мәселелерін қарауға уәкілетті басқарудың жоғары органы болып табылады.
2. Жалпы жиналыс жылына кем дегенде бір рет шақырылады.
3. Жалпы жиналыс Байқаушы кеңестің функцияларын жүзеге асырған жағдайда, Жалпы жиналыс үш айда кемінде бір рет өткізіледі.
4. Жалпы жиналыстың құзыретіне келесі мәселелер жатқызылады:
 - 1) Қауымдастық Жарғысын бекіту, оған өзгертулер және (немесе) толықтырулар енгізу;
 - 2) Байқаушы кеңес төрағасын және мүшелерін сайлау, аталған органның немесе оның Төрағасының не оның жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ал Байқаушы кеңесті қалыптастырудан бас тартқан жағдайда Жалпы жиналыстың басқарудың Алқалы органының функцияларын жүзеге асыруы туралы шешім шығару;

3) Басқарма Төрағасының және мүшелерінің лауазымына тағайындау, оларды лауазымынан мерзімінен бұрын босату;

4) Тексеру комиссиясының Төрағасын және мүшелерін сайлау, оларды лауазымынан мерзімінен бұрын босату;

5) Қауымдастықтың филиалдарын (өкілдіктерін), мамандандырылған органдарын құру, олар туралы ережелерді және олардың қызметті жүзеге асыру қағидаларың бекіту;

6) ықпал ету шараларын, оларды қолданудың тәртібі мен негіздерін, Қауымдастық мүшелерін (қатысушыларының) қағидалар мен стандарттардың талаптарын, Қауымдастыққа мүшелік (қатысудың) шарттарын бұзуы туралы істерді қарау тәртібін бекіту;

7) Қауымдастық қызметін басым бағыттарын, онын мүлкін калыптастыру және пайдалану қағидаттарын анықтау;

8) Байқаушы кенестің (егер ол қалыптастырылған болса), Басқарманың Тексеру комиссиясының және мамандандырылған органдардың Жалпы жиналыс белгіленген нысан бойынша, тәртіппен және кезеңділекпен есептерін бекіту;

9) Қауымдастықтың бюджетін бекіту, оған өзгертулерді және (немесе) толықтыруларды енгізу, Қауымдастықтың жылдық қаржы есептілігін бекіту;

10) Қауымдастықты қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім қабылдау, таратушыны немесе тарату комиссиясын тағайындау;

11) Қауымдастық мүшелігіне қабылдаудан бас тартудың және Қауымдастық мүшелігінен шығарудың негізінде заңды тұлғалардың, дара кәсіпкерлердің өтініштерін қарау;

12) ережелерді, стандарттарды, аккредиттеу және заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерді қолдауыстағы заңнама талаптарына сәйкестігін тексеру тәртібі туралы ережені бекіту, сонымен қатар оларға өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізу;

13) Қауымдастықтың бухгалтерлік есебінің және қаржы есептілігін жүргізілуін тексеру үшін аудиторлық ұйымды тағайындау;

14) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Қауымдастықтың Жарғысына сәйкес өзге шешімдер қабылдау.

5. Осы баптың 4-тармағының 1) - 4) және 9) тармақшаларында көрсетілген мәселелерді қарау кезінде Жалпы жиналыстың шешімдері Қауымдастық мүшелерінің білікті көпшілігімен қабылданады, ол Қауымдастықтың дауыс беретін мүшелерінің (қатысушыларының) жалпы санының үштен екісін құрайды.

6. Жалпы жиналыс қарастыратын барлық өзге мәселелер бойынша шешімдер Қауымдастық жай көпшілік дауысымен қабылданады.

7. Егер оған Жалпы жиналысқа Қауымдастық мүшелерін жартысынан астамы катысып отырса, ол заңды, ал кворум шарттары сақталған болып танылады.

8. Күн тәртібіне енгізілген мәселелер бойынша шешімдер дауыстардың білікті көпшілігімен қабылдануы тиіс болған жағдайда, егер Жалпы жиналысқа Қауымдастық мүшелерінің кемінде үштен екісі катысып отырса, ол заңды, ал кворум шарттары сақталған болып танылады.

9. Қауымдастық мүшелерінің Жылдық және кезектен тыс жалпы жиналыстары бейне-конференциялар өткізу мүмкіндігін қамтамасыз ететін интернет желілері мен бағдарламалық жасақтаманы пайдалана отырып, онлайн-мәжілістер нысанында өткізілуі мүмкін. Бұл ретте шешімдер тікелей онлайн-мәжілістер өткізу барысында онлайн-дауыс беру жолымен және/немесе электронды пошта арқылы өткізіледі.

13-бап. Қауымдастық мүшелерінің жалпы жиналысын шақыру тәртібі

1. Қауымдастық жыл сайын жылдық Жалпы жиналысты өткізуге міндетті. Өзге жалпы жиналыстар кезектен тыс болып табылады.

Қауымдастық мүшелері (қатысушылары), соңын ішінде құрылтайшылар болып табылатындар өзара тең болады және әрқайсысының бір дауысы бар.

Қауымдастық мүшесінің дауыс құқығын өзге тұлғаға, соның ішінде Қауымдастықтың басқа мүшесіне беруіне рұқсат етілмейді.

Бірінші Жалпы жиналыс өзін-өзі реттейтін ұйымдардың тізілімінен ерікті мүшелікке (қатысуға) негізделген Қауымдастық қызметінің жүзеге асырыла бастауы туралы хабарламаның қабылдануы туралы үзінді көшірмені алғаннан кейін екі айдын ішінде шақырылады және өткізіледі.

Бірінші Жалпы жиналыста Байқаушы кеңестің Төрағасы мен мүшелері сайланады немесе Байқаушы кеңестің функцияларын Жалпы жиналыстың жүзеге асыруы туралы шешім қабылданады, Басқарманың Төрағасы мен мүшелері тағайындалады, Тексеру комиссиясының Төрағасы мен мүшелері сайланады, Қауымдастықтың Жарғысы бекітіледі.

Қауымдастықтың бірінші Жалпы жиналысы олар бойынша шешім қабылдау Жалпы жиналыстың құзыретіне жатқызылған басқа мәселелерді қарастыруға құқылы.

2. Қауымдастықтың жыл сайынғы Жалпы жиналысында:

1) жылдық қаржы есептілігі;

2) Қауымдастықтың басқару Органдарының Қауымдастық мүшелері алдындағы есебі бекітіледі.

Жылдық Жалпы жиналыс олар бойынша шешімдер қабылдау Жалпы жиналыстың құзыретіне жатқызылған басқа мәселелерді қарастыруға құқылы.

3. Жылдық Жалпы жиналыс қаржылық жыл аяқталғаннан кейін үш айдын ішінде өткізілу тиіс. Аталған мерзім есепті кезең үшін Қауымдастық аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда екі айға дейін ұзартылған болып саналады.

4. Жылдық Жалпы жиналысты Байқаушы кеңес, ал ол болмаған жағдайда — Басқарма шақырады.

5. Кезектен тыс Жалпы жиналыс:

1) Қауымдастықтың Байқаушы кеңесінің;

2) Қауымдастық Басқармасының;

3) Қауымдастық мүшелерінің (қатысушыларының) үштен бірінің бастамасы бойынша шақырылады.

6. Жалпы жиналысты дайындауды және өткізуді:

1) Байқаушы кеңес;

2) Басқарма;

3) тарату комиссиясы жүзеге асырады.

Қауымдастық мүшелерінің үштен бірінің бастамасы бойынша Жалпы жиналысты дайындауды және өткізуді Басқарма жүзеге асырады.

7. Жалпы жиналысты шақыру, дайындау және өткізу жөніндегі шығыстарды Қауымдастық көтереді.

8. Қауымдастық мүшелерінің үштен бір бөлігінің бастамасы бойынша Жалпы жиналысты шақыру, дайындау және өткізу жөніндегі шығыстарды Жалпы жиналыстың өткізілуіне бастамашылар көтереді.

9. Жылдық Жалпы жиналыс Қауымдастықтың басқару органдары Қауымдастық мүшелерінің жылдық жалпы жиналысын шақыру тәртібін бұзған жағдайда, кез келген мүдделі тұлғаның арызы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

10. Қауымдастыққа қатысушылардың жалпы жиналысы шақырылатын күн, болжамды күн тәртібі туралы Қауымдастық мүшелеріне Жалпы жиналыс шақырылатын күнге дейін 7 (жеті) күнтізбелік күннен кешіктірмей хабарланады. Хабарландыруда Жиналыстың өткізілуі әдісі, уақыты мен орны, сонымен қатар болжамды күн тәртібі көрсетілуі тиіс. Қауымдастықтың барлық мүшелері тіркеліп, жиналыстың ашылу уақытын өзгертуге қарсылық білдірмеген жағдайларды қоспағанда, жиналыс жарияланған уақыттан ерте ашыла алмайды.

14-бап. Қауымдастықтың Байқаушы кеңесі

1. Егер Жалпы жиналыс Қауымдастықтың Алқалы басқару органының функцияларын орындаудан бас тартса, онда Байқаушы кеңес жеке тұлға - Қауымдастық мүшелерінің және (немесе) заңды тұлға - Қауымдастық мүшелерінің арасынан қалыптастырылады.

Байқаушы кеңеске тәуелсіз мүшелердің кіруі мүмкін олардың саны оның сан құрамының жартысынан аспауы тиіс.

Қауымдастыққа мүше болумен (қатысумен) байланысы жоқ және Қауымдастықпен, оның мүшелерімен (қатысушыларымен) еңбек қатынастары жоқ адам тәуелсіз мүше деп есептеледі.

2. Байқаушы кенестің мүшесі өзін-өзі реттеудегі мүдделер қақтығысы туралы жазбаша нысанда мәлімдеуге міндетті.

3. Байқаушы кенестің мүшесі өзін-өзі реттеудегі мүдделер қақтығысы және осыған байланысты өзін-өзі реттеу субъектілерінің заңды мүдделеріне зиян келтіру ықтималдығы туралы мәлімдеу міндетін бұзған жағдайда, Жалпы жиналыс осы мүшенің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдайды.

4. Байқаушы кенестің әрбір мүшесі дауыс беру кезінде бір дауысқа ие болады.

5. Байқаушы кенестің сандық құрамы, калыптастыру, қызмет ету, шешімдер қабылдау, өкілеттіктерін тоқтату тәртібі мен шарттарын Жалпы жиналыс анықтайды, бұл ретте Байқаушы кенес кемінде үш адам санында сайланады.

6. Байқаушы кенестің құзыретіне келесі мәселелер жатқызылады:

1) Қауымдастық Басқармасының қызметіне тексерулер жүргізу туралы шешім қабылдау;

2) Жалпы жиналысқа Басқарма Төрағасының және мүшелерінің лауазымына тағайындау және оларды лауазымынан босату үшін кандидатты не кандидаттарды ұсыну;

3) Қауымдастық құрған төрелікте өтініштері бойынша қаралатын дауларға қатысушылардың таңдауы үшін, кандидатуралары төрешілер ретінде ұсынылуы мүмкін адамдардың тізбесін бекіту;

4) Қазақстан Республикасының заңдарында немесе Қауымдастықтың Жарғысында көзделген негіздер бойынша Қауымдастыққа мүше болып кіру немесе Қауымдастықтың мүшелері қатарынан шығару туралы шешім қабылдау;

5) Қауымдастықтың мамандандырылған органдарының Ережелерін бекіту;

6) Қолданыстағы заңнамамен, Қауымдастықтың Жарғысымен көзделген немесе Жалпы жиналыстың қарауы үшін Байқаушы кеңеске тапсырылған өзге мәселелер.

15-бап. Қауымдастықтың Басқармасы

1. Қауымдастық Басқармасының сан құрамын Жалпы жиналыс анықтайды, бұл ретте Қауымдастық Басқармасы кемінде бес адам санында сайланады.

2. Қауымдастық Басқармасының өкілеттік мерзімін Жалпы жиналыс белгілейді, бірақ үш жылдан аса алмайды.

3. Басқарманың құзыретіне Жалпы жиналыстың және Байқаушы кеңестің құзыретіне жатқызылмаған Қауымдастықтың шаруашылық және өзге қызметінің кез келген мәселелері жатқызылады, соның ішінде Басқарма:

1) Жалпы жиналысты шақырады және оның қарауы үшін мәселелер дайындайды;

2) қаржылық жоспарды жылдық қаржы есебін және жылдық бухгалтерлік балансты Жалпы жиналыстың бекітуіне береді;

3) Жалпы жиналыстың шешімдерінің іске асырылуын қамтамасыз етеді;

4) Басқарма Төрағасының ұсынысы бойынша Қауымдастық аппаратының және оның филиалдарының құрылымын, штаттық кестесін, санын бекітеді;

5) бекітілген сметалардың және қабылданған шешімдердің шектерінде Қауымдастықтың мүлкіне және ақшасына иелік етеді;

6) Қауымдастық мүшелерінің өтініштерін қарауды ұйымдастырады;

7) Қауымдастықтың баспа органының жұмысын ұйымдастырады;

8) Қауымдастыққа мүшелік туралы Куәліктің үлгісін бекітеді;

9) Қолданыстағы заңнамаға және осы Жарғыға сәйкес Жалпы жиналыстың және Байқаушы кенестің айрықша құзыретіне жатпайтын Қауымдастық қызметінен басқа мәселелерін шешеді.

4. Басқарманың отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі. Егер оның құрамының жартысынан астамы катысып отырса, отырыс заңды болып табылады, ал егер оны жақтап Басқарманың катысып отырған мүшелерінің жартысынан астамы дауыс берсе, шешім қабылданған болып саналады.

5. Жекелеген жағдайларда Қаулыны тиісті құжаттық рәсімдеумен және оны Басқарманың отырысының кезекті хаттамасына қоса берумен Басқарма мүшелерінің пікірін сұрау жолымен шешімдер қабылдауға рұқсат етіледі.

6. Қауымдастық Басқармасының Төрағасы келесі функцияларды жүзеге асырады:

1) жарғылық міндеттердің, Жалпы жиналыстың шешімдерін, Байқаушы кеңес пен Басқарманың қаулыларының орындалуын қамтамасыз етеді;

2) Басқарма жұмысына жалпы басшылықты жүзеге асырады, Басқарма мүшелерінің арасында міндеттерді бөледі;

3) мемлекеттік, қоғамдық, өзге ұйымдарда, бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ халықаралық ұйымдарда Қауымдастықтың мүдделеріне өкілдік етеді;

4) Қауымдастық атынан әрекет етеді және онын мүдделеріне сенімхатсыз өкілдік етеді;

5) банктерде Қауымдастықтың есеп айырысу және басқа шоттарын ашады;

6) Қауымдастық атынан шарттар және келісімдер жасасады;

7) Қауымдастықтың құрылтай және басқа құжаттарына қол қою құқығына иелік етеді;

8) Қауымдастық аппаратының жұмысына жалпы басшылықты жүзеге асырады, Қауымдастық аппаратының штаттық кестесімен көзделген лауазымдарға жұмысқа қабылдайды және Қазақстан Республикасын қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен жұмыскерлерді жұмыстан шығарады;

9) Қауымдастықтың штаттық жұмыскерлерін көтермелейді және тәртіптік жауапкершілікке тартады;

10) Жалпы жиналыстың шешімдерін, Байқаушы кеңестің қаулыларының және Басқарма Төрағасы өкімдерін жобаларын ұйымдастырады және дайындайды;

11) Қауымдастық мүшелерінің өтініштерінің қаралуын қамтамасыз етеді;

12) Жарғымен Қауымдастықтың басқа басқару органдарының құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, өзге мәселелерді шешеді;

13) өз құзыретінің шектерінде өкімдер шығарады.

16-бап. Қауымдастық Тексеру комиссиясы

1. Тексеру комиссиясы Қауымдастықтың қаржылық және шаруашылық қызметіне ревизиялар мен тексерулер жүргізеді, кіру және жыл сайынғы жарналардың және басқа ақшалай түсімдердің түсуін бақылайды, Қауымдастық мүшелерін, Жалпы жиналысты және Басқарманы тексерулер мен ревизиялардың нәтижелері туралы хабарландырады, қаржылық тәртіптің бұзылуына кінәлі тұлғаларды жауапкершілікке тарту туралы мәселе қояды.

2. Тексеру комиссиясы өз өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға және Қауымдастық Жарғысына сәйкес орындайды. Тексеру комиссиясы өз қызметінде дербес болады және Жалпы жиналысқа есеп береді. Тексеру комиссиясының сан құрамын Жалпы жиналыс анықтайды, бұл ретте Тексеру комиссиясы кемінде үш адам санында сайланады.

3. Басқарма мүшелері Тексеру комиссиясының мүшелері бола алмайды.

4. Тексеру комиссиясы Қауымдастықтың штаттық жұмыскерлерінен тексеруді немесе ревизияны жүргізумен байланысты мәселелер бойынша барлық қажетті құжаттар мен түсініктемелерді беруді талап етуге құқылы.

5. Тексеру комиссиясының актілері Басқарманың және оларға тексеру нәтижелерінің материалдары жіберілген штаттық жұмыскерлердің қарауы және олар бойынша шаралар қабылдауы үшін міндетті болады.

6. Тексеру комиссиясы, қажет болса, Басқармадан Жалпы жиналысты шақыруды талап етуге құқылы.

7. Тексеру комиссиясының Төрағасы мен мүшелері Жалпы жиналыстарға және Басқарманың отырыстарына қатыса алады.

8. Тексеру комиссиясының қызметі Қауымдастықтың қаражаттары есебінен қаржыландырылады.

17-бап. Есептілік

Статистикалық, бухгалтерлік есептеп және қаржы есептілігі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген нысандар бойынша және мерзімде жүргізіледі.

Қаржылық жыл күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан 31 желтоқсанына дейін болып белгіленеді.

V бөлім. Қауымдастықтың мүлкі

18-бап. Қауымдастықтың мүлкін калыптастыру көздері

1. Қауымдастықтың мүлкін калыптастыру көздері:
 - 1) Қауымдастық мүшелерінің міндетті жарналары;
 - 2) ерікті мүліктік жарналар мен қайырмалдықтар;
 - 3) Қауымдастық мүшелерінің кәсіпкерлік қызметіне, коммерциялық немесе кәсіптік мүдделеріне байланысты білім беру қызметтерін көрсетуден алынған қаражат;
 - 4) Қауымдастық мүшелерінің кәсіпкерлік қызметіне, коммерциялық немесе кәсіптік мүдделеріне байланысты ақпараттық материалдарды сатудан алынған қаражат;
 - 5) заңда тыйым салынбаған басқа да түсімдер болып табылады.
2. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда өзін-өзі реттейтін ұйымның бухгалтерлік есебі мен қаржылық есептілігін жүргізу міндетті аудитке жатады.
3. Қауымдастық міндетті жарналардың мынадай түрлерін белгілеуге құқылы:
 - 1) Қауымдастыққа мүшелікке (қатысуға) кіру кезінде төленетін кіру жарналары;
 - 2) тұрақты мерзімді негізде төленетін мүшелік жарналар.Жарналар Қауымдастықтың меншігі болып табылады.
4. Кіру және мүшелік жарналардың мөлшері мен оларды жинау тәртібін Қауымдастық мүшелерінің жалпы жиналысы белгілейді, бұл ретте жыл сайынғы мүшелік жарнаның мөлшері сол жарна төленетін сәйкес жылға белгіленген төменгі үш жүз алпыс айлық есептік көрсеткіштен кем болмауы тиіс.
5. Кіру жарнасын заңды тұлғалар, дара кәсіпкерлер Қауымдастыққа мүшелікке қабылданған күнге дейін енгізеді.
6. Жалпы жиналыс жыл сайынғы мүшелік жарналарды жинау тәртібін анықтау кезінде Қауымдастық мүшелері үшін мүшелік жарналарды төлеудің жылдық, тоқсандық немесе айлық кезеңшілігін белгілеуге құқылы.
7. Кіру жарнасының мөлшері 5 (бес) айлық есеп көрсеткіш мөлшерінен аспауы тиіс.
8. Қауымдастық мүшелерінің жарналары және Қауымдастық сатып алған мүлік, сондай-ақ заңнамада көзделген кәсіпкерлік қызметтен алынған табыстар Қауымдастықтың ортақ бірлескен меншігі болып табылады, бөлінбейді, оның мүшелерінің арасында бөлінбейді және Қауымдастықтың шығып кеткен немесе шығарылған мүшелеріне тұтастай да, бөлшектеп те қайтарылмайды, ал тек жарғылық мақсаттар үшін пайдаланылады.
9. Қауымдастық өзіне азаматтар және ұйымдар шарттық негіздермен берген ғимараттарды, жайларды, өзге мүлікті, жер учаскелерін пайдалануға құқылы.
10. Қауымдастық қолданыстағы заңнамаға сәйкес салықтарды төлейді.

VI бөлім. Қауымдастық Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу тәртібі

19-бап. Қауымдастық Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу тәртібі

1. Қауымдастық Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу Қауымдастықтың Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылады.
2. Жарғыға өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ұсынысқа Қауымдастықтың кез келген мүшесі, Байқаушы кенес, Басқарма немесе Тексеру комиссиясы бастамашылық жасай алады.
3. Жалпы жиналыстың Жарғыға өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы шешімі Қауымдастық мүшелерінің білікті көпшілігі қабылдайды, бұл Қауымдастықтың дауыс беруші мүшелерінің (қатысушыларының) жалпы санының үштен екісін құрайды.

VII бөлім. Қауымдастық мүшелерінің қызметін бақылау

20-бап. Қауымдастықтың өз мүшелерін (қатысушыларының) қызметін бақылауы

1. Қауымдастық өз мүшелерінің кәсіпкерлік қызметіне олардың Қауымдастық қағидалары мен стандарттарын, Қауымдастыққа мүшелік шарттарын сақтауы бөлігінде тексеруді жүзеге асыруы жолымен бақылауды жүзеге асырады.

2. Тексеру жүргізу үшін негіздеме Қауымдастық мүшесінің Қауымдастық қағидалары мен стандарттарының талаптарын не Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзуы туралы шағымы болып табылуы мүмкін.

Тексеру жүргізу барысында шағымда көрсетілген фактілер ғана зерттелуі тиіс.

3. Қауымдастық мүшесі тексеру жүргізу үшін қажетті ақпаратты Қауымдастықтың сұрауы бойынша Жалпы жиналыс белгіленген тәртіппен беруге міндетті.

4. Қауымдастық, сондай-ақ оның тексеру жүргізуге қатысатын жұмыскерлері мен лауазымды тұлғалары оны жүргізу барысында алынған мәліметтердің жарияланбауы және таралмауы үшін жауап береді.

5. Тексерудің нәтижесінде Қауымдастықтың тексерілетін мүшесінің қағидалар мен стандарттардың талаптарын, Қауымдастық мүшелік шарттарын, сондай-ақ Қауымдастық мүшелерінің қызметін регламенттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу фактілері анықталған жағдайда, Қауымдастық мүшесін басқарушы тұлғалары, Қауымдастықтың тексеруді жүзеге асыратын жұмыскерлері және Қауымдастық мүшелеріне қатысты ықпал ету шараларын қолдану туралы істерді қарау жөніндегі мамандандырылған органның (комиссияның) мүшелері Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген анықталған бұзуларды жою, оларды ескерту, адамдардың өміріне, денсаулығына мүмкін зиянын және қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне нұқсанды болдырмау, сондай-ақ бузуға жол берген тұлғаларды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген жауапкершілікке тарту жөніндегі шараларды қабылдауға міндетті.

Егер осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген шаралардың қабылдануы мемлекеттік органдардың құзыретіне жататын болса, Қауымдастықтың тексеруді жүзеге асыратын басшылары мен жұмыскерлері және Қауымдастық мүшелеріне қатысты ықпал ету шараларын қолдану туралы істі қарау жөніндегі мамандандырылған органның (комиссияның) мүшелері шаралар қабылдау үшін тиісті мемлекеттік органдарды анықталған бұзулар туралы дереу хабарландыруға міндетті.

6. Қауымдастық Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіппен Қауымдастық мүшелерінің қызметіне бақылауды жүзеге асыруы кезінде Қауымдастық қызметкерлерінің заңсыз әрекеттері үшін өз мүшелерінің алдында жауап береді.

VIII бөлім. Қауымдастықты қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

21-бап. Қауымдастық қызметін тоқтату

1. Қауымдастық өзі қызметін өз мүшелерінің бастамасы бойынша не Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тоқтатады.

Қауымдастық «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және Қазақстан Республикасының өзге заңдарымен көзделген негізде және тәртіппен ерікті немесе мәжбүрлі таратыла алады.

2. Жалпы жиналыстың күн тәртібіне Қауымдастықты ерікті қайта ұйымдастыру немесе қызметін тоқтату туралы бастамашылық құқығы Байқаушы кеңеске немесе Басқармаға тиесілі болады.

3. Қауымдастықты ерікті қайта ұйымдастыру немесе қызметін тоқтату туралы шешім Жалпы жиналыста ашық дауыс беру жолымен қабылданады. Жалпы жиналыстың шешімдері Қауымдастық мүшелерінің білікті көпшілігімен қабылданады, бұл Қауымдастықтың дауыс беруші мүшелерінің (қатысушыларының) жалпы санының үштен екісін құрайды.

Қауымдастықты ерікті қайта ұйымдастыру немесе қызметін тоқтату туралы шешім қабылданғаннан кейін Жалпы жиналыс тарату комиссияны құрады, оның санын, құрамын және қызмет тәртібін белгілейді.

Жалпы жиналыстың Қауымдастық қызметін тоқтату туралы қабылданған шешіміне сәйкес Қауымдастықтың бүкіл филиалдары жабылуы тиіс.

4. Заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тізіліміне бұл туралы жазба енгізілгеннен кейін Қауымдастықты тарату аяқталған, ал Қауымдастық өзінің қызметін тоқтатқан болып саналады.

5. Қауымдастықтың қызметімен тоқтатумен байланысты талаптарды қанағаттандырудан кейін қалған Қауымдастықтың мүлкі мен қаражаттары Жарғымен көзделген мақсаттарға беріледі.

**«МДКӨРҰ» қауымдастық нысанындағы ЗТБ
Басқарма Төрағасы**



В.Лик

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
 АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
 ЗАҢДЫ ТҮЛГА МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУДЕН

2017 ж. 04. 08 өткізілді
 № 117177-1910-0101 куәлік

МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
 ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
 ПРОИЗВЕДЕНА ГОСУДАРСТВЕННАЯ РЕГИСТРАЦИЯ
 ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА

« 04 » 08 2017 г.
 Свидетельство № 117177-1910-0101
 БСН/БИН 170840004301

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
 АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
 ҚИРАЛТАЙ СУБАТТАРЫҢА ӨЗГЕРТУДІРІС МЕН
 ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗІЛГЕН

№ 1301 БУЫРЫҒЫ
 2021 ж. 20. 04

МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
 ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
 ВНЕСЕНЫ ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ
 В УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ

ПРИКАЗ № 1301
 20. 04 21

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
 АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ

НӨМІРЛЕНГЕНІ, ТІГІЛГЕН ЖӘНЕ МӨР
 БАСЫЛҒАНЫ БАРЛЫҒЫ ДАРПАҚ

2021 ж. 20. 04

МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
 ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ

ВСЕГО ПРОНУМЕРОВАНО, ПРОШНУРОВАНО И
 ОКРЕПЛЕНО ПЕЧАТЬЮ НА ЛИСТАХ

20 24 21

